

«Астана-Зеленстрой» ЖШС
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
АҚПАРАТ

19.05.2025ж.

Астана қ.

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ 2025 жылғы 27 наурызда бекітілген Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (СЖТІТ) ішкі талдау жүргізу кестесіне сәйкес және 2025 жылға № 4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес» үлгілік негізгі бағытын іске асыру шеңберінде **ағымдағы жылдың 02-маусымнан бастап 14-шілде бойы Астана қаласы «Астана-Зеленстрой» ЖШС қызметіне СЖТІТ жүргізілетін болады.**

СЖТІТ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19-қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) Талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Талдау объектісінің ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

СЖТІТ әзірлеу және жүргізу барысында келесі үрдістер жүзеге асырылады:

1. Кәсіпорынның интернет-ресурсында, БАҚ және әлеуметтік желілерде СЖТІТ жүргізудің басталуын жариялау – 19.05.2025ж. дейін;

2. СЖТІТ жүргізу бойынша бұйрықты бекіту – 26.05.2025ж. дейін;

3. СЖТІТ жүргізу басталуы – 02.06.2025ж. дейін;

4. Кәсіпорынның интернет-ресурсында, БАҚ және әлеуметтік желілерде СЖТІТ нәтижелерін қоғамдық талдаудың басталуын жариялау – 27.06.2025ж. дейін;

5. СЖТІТ нәтижелерін қоғамдық талдау – 08.07.2025ж. дейін;

6. СЖТІТ нәтижелері бойынша талдамалық анықтамаға қол қою – 28.06.2025ж. дейін;

7. СЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу – 28.06.2025ж. дейін

8. Талдамалық анықтама мен Іс-шаралар жоспарын кәсіпорынның интернет-ресурсына орналастыру – 30.07.2025ж. дейін;

9. СЖТІТ нәтижелері бойынша енгізілген ұсынымдарды орындау бойынша ақпаратты дайындау жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың жойылуын бақылау мониторингісі – талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде;

10. СЖТІТ нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын лауазымдар тізбесін құру- 25.07.2025ж. дейін.

«Астана-Зеленстрой» ЖШС қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібіне қатысты мәселелер бойынша келесі телефондар бойынша хабарласыңыз: **+7 (707) 111 14 58**, «Астана-Зеленстрой» ЖШС сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері **Мажитханов Данияр Кажимуханович**.
